

г. Астана

№51-22

«25» ноября 2022 года

Место нахождения акционерного общества «Национальная горнорудная компания «Тау-Кен Самрук» (его Правления): Республика Казахстан, г. Астана, ул. Сығанак, строение 17/10, 7 этаж.

Место проведения заседания Правления АО «НГК «Тау-Кен Самрук»: Республика Казахстан, г. Астана, ул. Сығанак, строение 17/10, 7 этаж.

Заседание Правления открыто в 09 час.00 мин.

На заседании присутствуют следующие члены Правления:

Макулбеков Рустем Нурланович

И.о. Председателя Правления

Куаншалиев Бауыржан Сейтжанович

Главный директор,
Член Правления

Рахимова Асель Сериковна

Главный директор,
Член Правления

На заседании присутствуют трое членов Правления из пятерых.

Отсутствующие на заседании члены Правления:

Вакансия

Итемгенов Нурлан Гайсанович

Председатель Правления
Главный директор,
Член Правления

Кворум для принятия решений имеется.

По первому вопросу повестки дня заседания выступил (а): Копеева Д.С.

В ходе обсуждения вопроса о Положениях Наблюдательных советов, у членов Правления Общества возник вопрос о действующих составах Наблюдательных советов Товариществ, ввиду этого исполнителю необходимо дополнительно направить справку членам Правления Общества.

Правление АО «НГК «Тау-Кен Самрук», в соответствии с подпунктом 19-14) п.96 Устава АО «НГК «Тау-Кен Самрук» РЕШИЛО:

1. Утвердить Положения о Наблюдательных советах ТОО «СП «Алайгыр», ТОО «Тау-Кен Алтын», ТОО «Северный Катпар» в новой редакции (приложениям №1,2,3 к протоколу).

2. Признать утратившим силу следующие документы:

- Положение о Наблюдательном совете ТОО «СП «Алайгыр», утвержденное решением Правления от 23 июля 2018 года (протокол №35-18);
- Положение о Наблюдательном совете ТОО «Тау-Кен Алтын», утвержденное решением Правления от 27 августа 2018 года (протокол №41-18);
- Положение о Наблюдательном совете ТОО «Северный Катпар», утвержденное решением Правления от 09 февраля 2016 года (протокол №08-16).

3. Службе стратегии и корпоративного управления АО «НГК «Тау-Кен Самрук» (Копеева Д.С.) довести до сведения всех заинтересованных лиц и ознакомить с настоящим решением дочерние организации АО «НГК «Тау-Кен Самрук».

4. Настоящее решение считать решениями Единственного участника ТОО «СП «Алайгыр», ТОО «Тау-Кен Алтын», ТОО «Северный Катпар».

Форма голосования: открытая

Итоги голосования:

«ЗА» -3 голоса.

«ПРОТИВ» - нет.

«ВОЗДЕРЖАЛСЯ» - нет.

Заседание Правления закрыто в 10 час. 02 мин.

«Выписка верна»

Секретарь Правления



А. Кожаметов



2022 жылғы «25» қарашадағы «Тай-
Кен Samuryq» УТК» АҚ Басқармасының
шешіміне
№ 51-22 хаттама № 1 қосымша

«БЕКІТІЛДІ»
«Тай-Кен Алтын» ЖШС
Жалғыз қатысушысының
2022 жылғы «25» қарашадағы
шешіміне (№51-22 хаттама)

**«ТАУ-КЕН АЛТЫН» ЖШС
БАЙҚАУ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Астана қ., 2022 жыл

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже және тиісінше Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Серіктестіктің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді, Байқау кеңесі мүшелерінің құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін айқындайды, Байқау кеңесі қызметінің, Байқау кеңесінің отырыстарын шақыру мен өткізудің, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеу тәртібін белгілейді.

1.2. Байқау кеңесі Серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы болып табылады.

1.3. Байқау кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, Серіктестік пен «Тау-Кен Самуғ» УТК» АҚ (бұдан әрі – Жалғыз қатысушы) мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Серіктестікке қатысушылардың құқықтарын қорғау, Серіктестік қызметі үшін жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

2. БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

2.1. Серіктестіктің Байқау кеңесінің құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің Жарғысында көзделген мәселелер жатады.

2.2. Байқау кеңесінің Жарғыға сәйкес Жалғыз қатысушының, Серіктестіктің бас директорының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз қатысушының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

2.3. Жалғыз қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның айрықша құзыретіне жатпайтын жекелеген өкілеттіктерді Байқау кеңесіне беруге құқылы.

3. БАЙҚАУ КЕҢЕСІ МҮШЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Байқау кеңесінің мүшесі:

1) егер көрсетілген ақпарат Серіктестіктің ережесінде және өзге де ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Серіктестіктің Байқау кеңесі мүшесінің функцияларын жүзеге асыру үшін қажет болған жағдайда, Серіктестікке қатысты ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) Серіктестік директорынан және жұмыскерлерінен талап етуге;

2) Жалғыз қатысушының шешімдерімен, отырыстардың хаттамаларымен және Байқау кеңесінің шешімдерімен, Серіктестік директорының шешімдерімен, аудиторлық қорытындылармен танысуға;

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

3) Байқау кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;

4) Байқау кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

5) Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;

6) Серіктестіктің Байқау кеңесі белгілеген тәртіпке сәйкес және Серіктестік бюджетінде көзделген қаражат шеңберінде Байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша сарапшыларды тартуды талап етуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Серіктестіктің Жарғысында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға;

8) лауазымға кірісу бағдарламасынан өтуді талап етуге;

9) Жалғыз қатысушы белгілеген тәртіппен өз міндеттерін орындағаны үшін Тәуелсіз директордың - Байқау кеңесінің мүшесінің функцияларын орындауына байланысты шығыстардың сыйақысын және (немесе) өтемақысын алуға құқылы.

3.2. Байқау кеңесінің мүшесі:

1) Серіктестік пен Жалғыз қатысушының мүддесі үшін әрекет етуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің Жарғысында көзделген өз құқықтары мен өкілеттіктері шегінде әрекет етуге;

3) адал және ақылға қонымды, толық ақпараттандыру негізінде, адал, белсенді, тиісті парасаттылықпен және кәсібилікпен әрекет етуге;

4) Байқау кеңесі мүшесінің лауазымында болу мерзімі ішінде және Байқау кеңесі мүшесінің лауазымын босатқаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Серіктестік туралы құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін жария етпеуге және пайдаланбауға;

5) Байқау кеңесінің отырыстарына қатысуға;

6) себептерін көрсете отырып, Байқау кеңесінің төрағасына, Байқау кеңесінің директорына және хатшысына өзінің Байқау кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарлауға;

7) Жалғыз қатысушы мен Байқау кеңесі өз құқықтары мен өкілеттіктері шеңберінде қабылдаған шешімдерді орындауға;

8) қажетті ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) не үшін толық көлемде зерделеу керектігі туралы негізделген шешімдер қабылдауға;

9) шешім қабылдау кезінде тәуекелдер мен жағымсыз салдарларды бағалауға;

10) Серіктестікке өзінің үлестес тұлғалары және олардың үлестестігінің туындау негіздерінің өзгерістері туралы мәліметтерді уақытында хабарлауға;

11) жасауға мүдделі деп танылуы мүмкін болжамды мәмілелер туралы ақпаратты Байқау кеңесінің назарына жеткізуге;

12) Серіктестіктің, Байқау кеңесінің хатшысының назарына пошта мекенжайы, электрондық пошта жәшігі, байланыс телефоны туралы байланыс ақпаратын жеткізуге міндетті.

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

4. БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЕРІКТЕСТІККЕ ҚАТЫСТЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

4.1. Директор 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде Байқау кеңесі мүшесінің жазбаша сұрау салуы бойынша оған Байқау кеңесі мүшесінің өз функцияларын орындауы үшін қажетті Серіктестікке қатысты ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) беруге немесе көрсетілген мерзімде ақпарат беру мүмкіндігінің болмау себебін көрсете отырып, жазбаша дәлелді түсініктеме беруге міндетті. Қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Байқау кеңесі Жалғыз қатысушымен тиісті диалогты қамтамасыз етуге жауапты.

5.2. Байқау кеңесінің мүшесі Серіктестік және Жалғыз қатысушы алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін, оның ішінде нәтижесінде келтірілген залалдар үшін, бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмей жауап береді:

- 1) жаңылыстыратын ақпаратты немесе көрінеу жалған ақпаратты ұсыну;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзу.

5.3. Серіктестік Жалғыз қатысушының шешімі негізінде Байқау кеңесінің мүшесіне өзінің Серіктестікке келтірген зиянын не залалын өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

5.4. Байқау кеңесінің мүшесі, егер ол Байқау кеңесі қабылдаған Серіктестіктің не Жалғыз қатысушының шығынына әкеп соққан шешімге қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады.

6. БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

6.1. Байқау кеңесі 3 (үш) немесе одан да көп мүшеден тұрады.

6.2. Байқау кеңесінің мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана әрекет ете алады.

6.3. Байқау кеңесінің мүшелері Серіктестіктің Жарғысында белгіленген тәртіппен тағайындалады. Байқау кеңесінің құрамына «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Серіктестікке қатысты үлестес болып табылмайтын тәуелсіз тұлғалар да кіре алады. Жалғыз қатысушы Байқау кеңесі

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

мүшелерінің сыйақы сомасын, олармен жасалатын шарттарда көрсетілетін функцияларды орындаумен байланысты шығыстардың өтемақысын белгілейді.

6.4. Байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың өз міндеттерін орындау және Байқау кеңесі мен Серіктестіктің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі және іскерлік және (немесе) салалық ортадағы оң жетістіктері болуы тиіс.

6.5. Егер «Тау-Кен Samurq» УТК» АҚ Басқарма мүшесі Серіктестіктің Байқау кеңесінің мүшесі болып табылған жағдайда, «Тау-Кен Samurq» УТК» АҚ-ның осындай Басқарма мүшесіне есеп беретін жұмыскері Серіктестіктің Байқау кеңесі мүшелерінің құрамына кіруге құқылы емес.

7. БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ

7.1. Байқау кеңесінің мүшелері Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімімен 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге сайланады.

7.2. Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Байқау кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің Байқау кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

7.3. Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату оның Байқау кеңесіне жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Байқау кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Байқау кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

7.4. Директор тәуелсіз деп танылады, егер ол:

1) Серіктестіктің үлестес тұлғасы болып табылмайды және ол Байқау кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде (осы Серіктестіктің тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайларды қоспағанда) болып табылмайды;

2) Осы Серіктестіктің үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;

3) осы Серіктестіктің немесе осы Серіктестіктің үлестес тұлғаларының лауазымды тұлғаларымен бағыныстылықпен байланысты емес және Байқау кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты емес;

4) мемлекеттік қызметші болып табылмайды;

5) осы Серіктестік органдарының отырыстарында Құрылтайшының өкілі болып табылмайды және ол Байқау кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде болып табылмайды;

6) аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы Серіктестіктің аудитіне қатыспайды және ол Байқау кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған.

8. БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

	«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

8.1. Серіктестіктің Байқау кеңесінің төрағасын Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы тағайындайды.

8.2. Байқау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Байқау кеңесінің шешімі бойынша Байқау кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

8.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Серіктестіктің Жарғысында, Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Байқау кеңесінің төрағасы:

1) Байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Байқау кеңесінің отырыстарын шақырады, оларға төрағалық етеді, оның жауапкершілік саласының барлық аспектілері бойынша тиімді қызметін қамтамасыз етеді, отырыстарын жүргізеді, отырыстарда хаттама жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) Байқау кеңесі мүшелерінің нақты және анық ақпаратты уақытында алуын қамтамасыз етеді;

3) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына оның сұрауларына жауап беруді қамтамасыз етеді;

4) Жалғыз қатысушының шешімдеріне, Жарғысына және Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

9. БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ХАТШЫСЫ

9.1. Байқау кеңесінің хатшысы келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Байқау кеңесінің отырыстарын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді;

2) Байқау кеңесінің отырысына материалдар жинауды, Ереженің, Серіктестіктің басқа да ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес материалдардың тиісінше ресімделуіне ағымдағы бақылауды жүзеге асырады;

3) алдын ала Серіктестіктің Байқау кеңесі шақырылғанға дейін күн тәртібінде қойылған мәселелер бойынша материалдарды Байқау кеңесінің отырысы шақырылғанға дейін күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын Серіктестіктің комплаенс – офицерінің қарауына жібереді;

4) Байқау кеңесінің мүшелеріне және шақырылған адамдарға отырыстарды, отырыстардың күн тәртібін өткізу туралы хабарламаларды, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жолдайды;

5) отырыстарды хаттамалауды жүзеге асырады;

6) қажет болған жағдайда хаттамадан үзінді көшірмелерді ұсынады;

7) Байқау кеңесінің отырыстарында қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау туралы ақпаратты көрсететін тоқсан сайынғы негізде Байқау кеңесіне есеп береді (№8 қосымшаға сәйкес);

8) Байқау кеңесінің күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастырады (№7 қосымшаға сәйкес);

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

9) жаңадан сайланған Байқау кеңесі мүшелерінің қызметке қабылдау бағдарламасынан өтуін қамтамасыз етеді (№ 9 қосымшаға сәйкес);

10) Ережеде, Серіктестіктің ішкі құжаттарында және Байқау кеңесінің тапсырмаларында көзделген өзге де функцияларды орындайды.

9.2. Байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесінің отырыстарын өткізу рәсімінің тиісінше сақталуына жауапты болады, сондай-ақ міндеттерін атқаруына байланысты хатшыда бар құжаттарды Серіктестік архивіне уақтылы беруді қамтамасыз етеді. Бұл ретте хатшы Серіктестік архивіне берілгенге дейін барлық осындай құжаттардың сақталуына жауапты.

9.3. Байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды және Байқау кеңесі шешімдер қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ.

9.4. Байқау кеңесі хатшысының функцияларын Байқау кеңесінің шешімі бойынша Серіктестік жұмыскерлерінің бірі орындайды.

9.5. Байқау кеңесі мүшелерінің қалауы бойынша Байқау кеңесінің шешімімен Байқау кеңесі хатшысының функцияларын орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес қосымша ақы көзделуі мүмкін.

10. БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫ

10.1. Байқау кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

10.2. Байқау кеңесінің отырыстарын өткізу дауыс берудің күндізгі және сырттай нысандарында көзделеді, бұл ретте сырттай дауыс беру нысаны бар отырыстардың саны жылына барлық отырыстар санының 25%-нан аспауы тиіс.

10.3. Байқау кеңесінің отырысы Байқау кеңесі төрағасының немесе директордың бастамасы бойынша не Байқау кеңесінің кез келген мүшесінің, Серіктестік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның және Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

10.4. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Байқау кеңесінің төрағасына ұсынылатын отырыстың күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

10.5. Күн тәртібін Байқау кеңесінің хатшысы қалыптастырады және Байқау кеңесінің мүшелері отырыстың басында осындай отырысқа қатысушы Байқау кеңесінің мүшелерінің жай дауыс беруі арқылы бекітеді.

10.6. Байқау кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Байқау кеңесінің отырысын шақыруға міндетті директорға жүгінуге құқылы.

10.7. Байқау кеңесінің отырысын Байқау кеңесінің төрағасы немесе Серіктестіктің директоры шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде шақыруы тиіс.

10.8. Байқау кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

10.9. Егер отырысқа Байқау кеңесінің сайланған мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысса, Байқау кеңесінің отырысы заңды деп танылады, ал кворум шарттары сақталды деп танылады.

10.10. Серіктестіктің Байқау кеңесінің отырысын сырттай өткізу Байқау кеңесінің барлық мүшелерінің келісімімен мүмкін болады. Байқау кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және Байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қоюға тиіс.

10.11. Байқау кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты мен орны, оның күн тәртібі туралы мәліметтер болуға тиіс.

10.12. Отырысты өткізу туралы хабарламаны, сондай-ақ оған қоса берілетін қажетті материалдарды Байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесінің мүшелеріне жазбаша нысанда немесе өзге де тәсілмен (оның ішінде пошта, факсимильдік, электрондық немесе өзге де байланысты пайдалану арқылы) отырыс өткізілетін күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жібереді.

10.13. Байқау кеңесінің мүшелеріне жіберілетін Байқау кеңесінің отырысына материалдар мыналарды қамтиды:

- баяндамашыларды көрсете отырып, отырыстың күн тәртібі;
- Байқау кеңесі мүшелерінің атына түсіндірме жазбалар (№1 қосымшаға сәйкес);
- Байқау кеңесі шешімдерінің жобалары (№2 қосымшаға сәйкес);
- компаенс-офицердің қорытындылары;
- басқа қосымша құжаттар не олардың жобалары болған кезде.

10.14. Байқау кеңесі отырысының күн тәртібі мәселесіне түсіндірме жазбаға тікелей орындаушы және директор қол қоюға тиіс (шешімнің жобасына бастамашы және/немесе директор қол қояды).

10.15. Байқау кеңесінің мүшелері хабардар етілген жерде немесе уақытында Байқау кеңесінің отырысын өткізу мүмкін болмайтын немесе қиындататын мән-жайлар туындаған кезде жоспарланған күн тәртібі бойынша отырыс өзге жерде және (немесе) өзге уақытта өткізілуі мүмкін.

10.16. Байқау кеңесі отырысының орны немесе уақыты өзгергені туралы Байқау кеңесінің барлық мүшелеріне отырысқа келуге немесе күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша жазбаша хабарлама жіберуге жеткілікті уақыт қалуы үшін Байқау кеңесінің хатшысы алдын ала хабарлауға тиіс. Көрсетілген өзгерістер туралы хабарлама Байқау кеңесінің мүшелеріне кез келген нысанда жіберіледі.

11. БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНДА ДАУЫС БЕРУ

11.1. Байқау кеңесі шешім қабылдаған кезде отырысқа қатысушы Байқау кеңесінің мүшелері дауыс беру арқылы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіруге құқылы.

	«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

11.2. Байқау кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесінің Байқау кеңесінің отырысына жеке өзі қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайларда, олар техникалық байланыс құралдарын (яғни бейнеконференция сессиясы, телефон конференциясы және т. б. режимінде) пайдалана отырып, қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады, сондай-ақ Ереженің 14.2-тармағына сәйкес дауыс бере алады.

11.3. Байқау кеңесінің отырысында мәселелерді шешу кезінде Байқау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

11.4. Байқау кеңесі мүшелерінің өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімхат бойынша осыған уәкілеттік берілген Байқау кеңесінің отырыстарына қатысуына жол беріледі.

12. БАЙҚАУ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІ

12.1. Байқау кеңесінің отырысында шешімдер осы отырыстың күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша қабылданады.

12.2. Байқау кеңесінің отырысына дейін және отырыстары кезінде мәселені күн тәртібіне енгізудің бастамашысы шешім шығарылғанға дейін кез келген уақытта өз мәселесін күн тәртібінен алып тастай алады, ол міндетті түрде хаттамада тіркеледі.

12.3. Байқау кеңесінің кез келген отырысы барысында, егер оларды күн тәртібіне енгізу үшін Байқау кеңесінің барлық қатысып отырған мүшелері дауыс берген жағдайда, күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізілуі және қаралуы мүмкін.

13. БАЙҚАУ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСТАРЫНЫҢ РЕГЛАМЕНТІ

13.1. Байқау кеңесінің отырысы хабарламада көрсетілген уақытта, кворум болған кезде басталады және Байқау кеңесінің төрағасы ашады.

13.2. Кворумның болуын Байқау кеңесінің төрағасы отырыс басталар алдында айқындайды. Байқау кеңесінің күндізгі отырысының кворумы техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференция сессиясы, телефон конференциясы және т. б. режимінде) пайдалана отырып, қаралатын мәселелер бойынша талқылауға және дауыс беруге қатысатын Байқау кеңесінің жоқ мүшелері ескеріле отырып айқындалады.

13.3. Кворум болмаған кезде Байқау кеңесінің төрағасы отырысты 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ауыстыру туралы хабарлайды.

13.4. Байқау кеңесінің төрағасы қатысушыларға Байқау кеңесінің отырысын өткізу үшін кворумның бар екендігі туралы хабарлайды және Байқау кеңесі отырысының күн тәртібін жария етеді.

13.5. Байқау кеңесінің отырысы мынадай кезеңдерді қамтиды:
 - отырыстың күн тәртібін бекіту;

	«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

- Байқау кеңесі мүшесінің немесе шақырылған тұлғаның күн тәртібі мәселесі бойынша баяндамасы;
- күн тәртібіндегі мәселені талқылау;
- күн тәртібі мәселесі бойынша шешімді тұжырымдау бойынша ұсыныстар;
- дауыстарды санау және дауыс беру қорытындыларын шығару;
- дауыс беру қорытындыларын және күн тәртібі мәселесі бойынша қабылданған шешімді жария ету.

13.6. Байқау кеңесі жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Байқау кеңесінің мүшелері мен Серіктестіктің директоры ғана қатыса алады.

13.7. Байқау кеңесінің отырыстарына Серіктестік аудитін жүргізген аудиторлық ұйымның өкілдері, Серіктестік жұмыскерлері, сондай-ақ өзге де тұлғалар шақырылуы мүмкін.

14. БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ШЕШІМДЕРІН ҚАБЫЛДАУ, ОТЫРЫСТА БОЛМАҒАН БАЙҚАУ КЕҢЕСІ МҮШЕСІНІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІН ЕСЕПКЕ АЛУ

14.1. Байқау кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Байқау кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады (оның ішінде Байқау кеңесі мүшелерінің жазбаша пікірлері ескеріле отырып). Дауыстар тең болған кезде Байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

14.2. Байқау кеңесінің мүшесі күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша, ол отырысқа қатыса алмаған жағдайда, жазбаша хабарлама жіберу арқылы (№6 қосымшаға сәйкес) дауыс беруге құқылы. Жазбаша хабарлама пошта, факсимиль, электрондық немесе өзге де байланысты пайдалану арқылы Байқау кеңесінің отырысы басталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей Серіктестіктің және Байқау кеңесі хатшысының мекенжайына жіберілуі мүмкін. Байқау кеңесі мүшесінің жазбаша хабарламасы осы мүшенің дауысы ретінде ескеріледі және Байқау кеңесінің күндізгі отырысының хаттамасына тігілуі тиіс.

14.3. Төрағалық етуші Байқау кеңесінің отырысында осы пікірлер ұсынылған күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру басталғанға дейін Байқау кеңесінің отырысында болмаған Байқау кеңесі мүшелерінің ұсынылған жазбаша пікірлерін жария етуге міндетті.

15. БАЙҚАУ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

15.1. Байқау кеңесі отырысының хаттамасын Байқау кеңесінің хатшысы жүргізеді.

15.2. Байқау кеңесі отырысының хаттамасы ол өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жасалады (№3 және №4 қосымшаларға сәйкес).

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

15.3. Отырыс хаттамасында:

- отырыс өткізілетін күн, уақыт және орны;
- өткізу нысаны (күндізгі, сырттай);
- отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- отырыс кворумының болуы туралы ақпарат;
- отырыстың күн тәртібі;
- Байқау кеңесінің әрбір мүшесінің Серіктестік қызметіне қосқан үлесін бағалау үшін отырыс барысын хаттамалау күн тәртібіндегі мәселелер, оның ішінде проблемалық аспектілер мен даулы жағдайларды дамыту бойынша Байқау кеңесі мүшелерінің пікірлерін көрсете отырып, егжей-тегжейлі болуға тиіс;
- Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Байқау кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беруге, талқылауға және дауыс беру қорытындыларына қойылған мәселелер;
- қабылданған шешімдер;
- Байқау кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер көрсетіледі.

15.4. Хаттамаға Байқау кеңесінің төрағасы мен мүшелері, Байқау кеңесінің хатшысы қол қояды және дауыс беру нәтижелерін қамтиды.

15.5. Серіктестік Байқау кеңесінің хатшысы тиісті журналға тігетін және тіркейтін отырыстардың хаттамаларын және Байқау кеңесінің шешімдерін мерзімсіз сақтауға міндетті.

15.6. Серіктестік Байқау кеңесінің мүшелеріне отырыстардың хаттамаларына, Байқау кеңесінің шешімдеріне тұрақты негізде қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

15.7. Байқау кеңесінің хатшысы мүдделі тұлғалардың талабы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Байқау кеңесі хатшысының қолымен расталған хаттамадан үзінді көшірмелер және (немесе) шешімдер беруге міндетті.

16. БАЙҚАУ КЕҢЕСІ ШЕШІМДЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ

16.1. Байқау кеңесі өзінің бұрын қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады, бұл ретте шешімдердің өзі де, оларды қабылдау процесі де Байқау кеңесі хатшысының тоқсан сайынғы негізде Байқау кеңесінің отырысында ұсынылатын мәселелері мен есептерін қарау арқылы талдауға жатады.

16.2. Хатшы қабылданған шешімдер мен тиісті тапсырмаларды Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің назарына жеткізеді және Байқау кеңесі шешімдерінің орындалуының бақылау мерзімдері туралы Байқау кеңесін хабардар етеді.

16.3. Ұсынылған есептерді қарау қорытындылары бойынша Байқау кеңесі өз өкілеттіктері шегінде тиісті тапсырмалар беруге құқылы.

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

17. СЫЙАҚЫ

17.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Серіктестікке қатысты үлестес болып табылмайтын Байқау кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқару кезеңінде сыйақы төленуі және (немесе) олардың Серіктестіктің Байқау кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты шығыстар өтелуі мүмкін.

17.2. Серіктестікке қатысты үлестес болып табылмайтын Байқау кеңесінің мүшелеріне Жалғыз қатысушының шешімімен белгіленетін және олармен жасалатын шарттарда көрсетілетін Серіктестіктің мүмкіндіктерін ескере отырып, Байқау кеңесінің отырысы өтетін жерге жол жүру құны және іссапар шығыстары ақылға қонымды шектерде төленеді, бірақ олармен шектелмейді.

17.3. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Серіктестікке қатысты үлестес болып табылмайтын Байқау кеңесі мүшесінің барлық Байқау кеңесі мен Серіктестік қызметінің тиімділігін арттыруға күтілетін үлесі, Серіктестікке қатысты үлестес болып табылмайтын Байқау кеңесі мүшесінің міндеттері, Серіктестік қызметінің ауқымы, даму стратегиясымен айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, қаралатын мәселелердің күрделілігі, ұқсас компаниялардағы сыйақы деңгейі назарға алынады.

18. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

18.1. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Жалғыз қатысушының шешімі негізінде енгізіледі.

18.2. Егер Ереженің жекелеген нормалары заңнамаға және (немесе) Жарғыға қайшы келген жағдайда, олар күшін жояды және заңнаманың және (немесе) Жарғының тиісті нормалары қолданылады. Ереженің жекелеген нормаларының жарамсыздығы басқа нормалардың және тұтастай алғанда Ереженің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

	«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

№ 1 қосымша
(Ф1-ПЛ-ЮС-___-22)

Нысан

« _____ » ЖШС
Байқау кеңесінің мүшелеріне

Байқау кеңесі отырысының күн тәртібі мәселесіне

« _____ »

(сұрақтың атауы)
түсіндірме жазба

Күн тәртібіндегі мәселенің атауы:	
Сұраққа жауапты (Т. А. Ә., лауазымы)	
Күпия/ Күпия емес/ Коммерциялық күпия	

1. Мәселені шығарудың мақсаты мен құқықтық негіздемесі

Қолданыстағы заңнаманың, Серіктестіктің Жарғысының немесе ішкі құжаттарының нормаларына сілтеме, оған сәйкес ұсынылған мәселе шығарылады және Байқау кеңесінің құзыретіне жатады;

2. Сұрақтың қысқаша сипаттамасы

Сұрақты дайындау кезінде негізгі фокусты Байқау кеңесінің мүшесі сұрақтың техникалық егжей-тегжейіне толық ену мүмкіндігіне ие болмай немесе осы мәселе бойынша толық құзыреттілікке ие болмай, мәселені қысқаша, жан-жақты және бейтарап бағалауға мүмкіндік алуы үшін сұрақтың қысқаша түйіндемесінде жасау қажет;

3. Сұрақтың толық сипаттамасы

Қарастырылып отырған мәселе шеңберінде негізді түрде көрсетілуі қажет тиісті ақпаратты көрсете отырып, мәселенің мазмұнын егжей-тегжейлі баяндау;

4. Осы мәселе бойынша Байқау кеңесінің алдыңғы шешімдері

Қабылданған шешімдердің деректемелері мен мазмұнын көрсете отырып, осы мәселе бойынша Байқау кеңесінің бұрын қабылданған шешімдері туралы қысқаша ақпарат;

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛИ-ЮС-___-22
		Редакция	02

5. Негізгі тәуекелдер және әлеуметтік-экономикалық және / немесе құқықтық салдарлар

Байқау кеңесі ұсынылған шешімді қабылдаған немесе қабылдамаған кезде туындайтын негізгі тәуекелдер туралы ақпарат, көрсетілген тәуекелдерді іске асырудың салдары және Байқау кеңесі осы мәселе бойынша шешім қабылдаған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық және / немесе құқықтық салдарлар туралы ақпарат;

6. Қаржылық шығындар

Бекітілген бюджетті негізге ала отырып, мәселе бойынша Байқау кеңесінің шешімін іске асыруға байланысты болжамды қаржылық шығындар туралы ақпарат;

7. Ұсынылған шешімнің жобасы

Жауапты тұлғаларды қоса алғанда, егжей-тегжейлі, түбегейлі шешім жобасы;

8. Сұраққа қосымшалар

Сұраққа қосымша құжаттар (презентациялар, кестелер, мемлекеттік органдардың немесе заңды тұлғалардың хаттарының, шешімдерінің көшірмелері, анықтамалық материалдар, құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда салыстырмалы кесте, сондай-ақ түсіндірме жазбада көрсетілген барлық құжаттар);

9. Лауазымдар мен қолтаңбалары

Құжатқа қол қоятын адамдардың Т.А.Ә. және лауазымдары көрсетіледі.

Егер Байқау кеңесінің қарауына шығарылатын құжаттарда қызметтік ақпаратты және (немесе) коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер болса, оларға «Қызметтік пайдалану үшін» және «Құпия» деген белгілер беріледі. Мұндай құжаттарды ұсыну Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

*** Презентациялық материалдарды дайындау кезіндегі ұсыныстар (слайдтар)**

Презентациялық материалдар (слайдтар) Байқау кеңесі мүшелерінің отырыстарға дайындық кезінде мәселенің мәнін түсінуін жеңілдету және отырысты өткізу кезінде мәселені талқылауды құрылымдау үшін қызмет етеді.

Слайдтарда нормативтік құжаттарға сілтемелердің болмауы (нақты қажеттіліксіз), жалпы қабылданған қысқартуларды, барынша қысқа сөйлемдер мен қарапайым тұжырымдарды пайдалануға жол беріледі (және құпталады).

Слайдтарды баяндамашылар Байқау кеңесінің отырысында тиісті мәселені қарау кезінде пайдалана алады.

Презентация материалдарында кем дегенде келесі ақпарат болуы тиіс:

- Сұрақтың қысқаша мазмұны және жағдайды бағалау (1-2 слайдтар);*
- Мазмұны: деректер, талдау, дәлелдеу (3 слайдтан артық емес).*

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

- оның ішінде есепті қарауға шығарған жағдайда-негізгі қорытындыларды, болжамдарды, ауытқу себептерін қамтитын есептің түйіндемесі (3 слайдтан артық емес);

- оның ішінде, ішкі құжаттардың жобасы қарауға шығарылған жағдайда-қолда бар ұқсас құжатпен салыстырғанда өзгерістер тізбесі (бар болса) немесе қысқаша мазмұны құжаттың мазмұны (егер құжат жаңа болса).

- Шешім қабылдаудың тәуекелдері мен салдарын талдаудың қысқаша мазмұны немесе олардың жоқтығын көрсету (1-2 слайд).

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

№ 2 қосымша
(Ф2-ПЛ-ЮС-___-22)

Нысан

« _____ » отырыстың күн тәртібінің мәселесі
сұрақтың атауы
бойынша « _____ » ЖШС-ның Байқау кеңесінің шешімі

Күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды (*«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, серіктестіктің Жарғысының, Байқау кеңесі туралы ереженің негізінде осы мәселе Байқау кеңесінің құзыретіне жататын ережелерге*) сәйкес қарастыра отырып, **Байқау кеңесі ШЕШТІ:**

ұсынылған шешімнің мазмұны

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

№ 3 қосымша
(ФЗ-ПЛ-ЮС-___-22)

Нысан

« _____ » ЖШС Байқау кеңесінің күндізгі отырысының
ХАТТАМАСЫ

№ _____
(нөмірі көрсетіледі)

Қарағанды қаласы

202_ жылғы «___»

« _____ » ЖШС орналасқан жері: *(Серіктестіктің заңды мекенжайы көрсетіледі).*

Байқау кеңесінің отырысын өткізу орны: *(отырысты өткізу мекенжайы көрсетіледі).*

Отырыс ___ сағат ___ минутта ашылды

Төрағалық етті:

(Тегі, Есімі, Әкесінің есімі) - Байқау кеңесінің төрағасы

Қатысқан Байқау кеңесінің мүшелері:

(Тегі, Есімі, Әкесінің есімі) - лауазымы

(Тегі, Есімі, Әкесінің есімі) - лауазымы

(Тегі, Есімі, Әкесінің есімі) - лауазымы

Болмаған Байқау кеңесінің мүшелері:

(Тегі, Есімі, Әкесінің есімі) – лауазымы

Байқау кеңесінің отырысын өткізуге арналған Кворум *(кворумның болуы/болмауы туралы ақпаратты көрсету, қажет болған жағдайда Байқау кеңесінің қатыспаған мүшелерінің жазбаша пікірлері туралы ақпаратты көрсету).*

Байқау кеңесінің алдыңғы хаттамасының нөмірі мен күні.

Осы Байқау кеңесі отырысының хаттамасын *(Тегі, Есімі, Әкесінің есімі, лауазымы)* жүргізді.

« _____ » **ЖШС-дан шақырылғандар:** *(шақырылатын қызметкерлердің Тегі, Есімі, Әкесінің есімі, лауазымы көрсетіледі).*

«Тау-Кен Самурық» УТК» АҚ шақырылған тұлғалар): *(шақырылатын қызметкерлердің Тегі, Есімі, Әкесінің есімі, лауазымы көрсетіледі).*

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

Серіктестіктің Байқау кеңесінің төрағасы отырыстың келесі күн тәртібін қарауға ұсынды:

(күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).

(күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).

(күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).

.....

Байқау кеңесінің төрағасы ұсынылған күн тәртібін дауыс беруге қойды.

Дауыс берген Байқау кеңесінің мүшелері :

Тегі, Есімі, Әкесінің есімі - «ҚАРСЫ ЕМЕСПІН» / «ҚАРСЫМЫН» /»ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»

Тегі, Есімі, Әкесінің есімі - «ҚАРСЫ ЕМЕСПІН» / «ҚАРСЫМЫН» /»ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»

Тегі, Есімі, Әкесінің есімі - «ҚАРСЫ ЕМЕСПІН» / «ҚАРСЫМЫН» /»ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»

Егер Байқау кеңесінің мүшесі «ҚАРСЫМЫН» /»ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» деп дауыс берген жағдайда Байқау кеңесінің мүшесінің «ҚАРСЫМЫН» /»ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» деп дауыс беруінің немесе жеке ескертулері/ерекше пікірі болуының себептерін көрсету қажет.

Байқау кеңесінің шешімі:

Келесі күн тәртібін бекіту:

1. *(күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).*

2. *(күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).*

3. *(күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).*

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша (баяндамашының Тегі, Есімі, Әкесінің есімі) сөз сөйледі. Түсіндірме жазбада және ұсынылған материалдарда баяндалған қысқаша ақпарат).

Мәселені талқылауға қатысты (мәселені талқылауға қатысқандардың Тегі, Есімі, Әкесінің есімі және олардың түсініктемелерінің қысқаша мәні көрсетіледі).

Күн тәртібінің бірінші мәселесін қарағаннан кейін (мәселенің атауы көрсетіледі) Байқау кеңесінің төрағасы күн тәртібіндегі мәселені дауыс беруге шығарды.

*(«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Серіктестік Жарғысының тармақтары, осы мәселе Байқау кеңесінің құзыретіне жататын ережелер көрсетіледі) сәйкес **Байқау кеңесі ШЕШТІ:***

(Серіктестіктің Байқау кеңесінің шешімі көрсетіледі).

	«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПІ-ЮС-____-22
		Редакция	02

Дауыс берген Байқау кеңесінің мүшелері :

*Тегі, Есімі, Әкесінің есімі - «ҚАРСЫ ЕМЕСПІН» / «ҚАРСЫМЫН»
/»ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»*

*Тегі, Есімі, Әкесінің есімі - «ҚАРСЫ ЕМЕСПІН» / «ҚАРСЫМЫН»
/»ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»*

*Тегі, Есімі, Әкесінің есімі - «ҚАРСЫ ЕМЕСПІН» / «ҚАРСЫМЫН»
/»ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»*

Егер Байқау кеңесінің мүшесі «ҚАРСЫМЫН» / «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» деп дауыс берген жағдайда Байқау кеңесінің мүшесінің «ҚАРСЫМЫН» / «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» деп дауыс беруінің немесе жеке ескертулері/ерекше пікірі болуының себептерін көрсету қажет.

Күн тәртібіндегі _____ мәселе бойынша шешім қабылдағаннан кейін Байқау кеңесі күн тәртібіндегі _____ мәселені қарауға кірісті.

Байқау кеңесінің отырысы _____ сағат _____ минутта жабылады.

Байқау кеңесінің төрағасы *(есімі, тегі)*

Байқау кеңесінің мүшесі *(есімі, тегі)*

Байқау кеңесінің мүшесі *(есімі, тегі)*

Байқау кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор *(есімі, тегі)*

Байқау кеңесінің хатшысы *(есімі, тегі)*

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

№ 4 қосымша
(Ф4-ПЛ-ЮС-___-22)

Нысан

« _____ » ЖШС Байқау кеңесінің сырттай отырысының
ХАТТАМАСЫ

№ _____
(нөмірі көрсетіледі)

Қарағанды қаласы

202_ жылғы « ___ »

« _____ » ЖШС орналасқан жері: (Серіктестіктің заңды мекенжайы көрсетіледі).

Сырттай дауыс беруге қатысты:

Байқау кеңесінің төрағасы:

(Тегі, Есімі, Әкесінің есімі) - Байқау кеңесінің төрағасы

Байқау кеңесінің мүшелері:

(Тегі, Есімі, Әкесінің есімі) - лауазымы

(Тегі, Есімі, Әкесінің есімі) - лауазымы

(Тегі, Есімі, Әкесінің есімі) - лауазымы

Серіктестіктің Байқау кеңесінің отырысын серіктестіктің Байқау кеңесінің төрағасы шақырады (Тегі, Есімі, Әкесінің есімі көрсетіледі).

Серіктестіктің Байқау кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы тиісті түрде қол қойылған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау негізінде сырттай дауыс беру арқылы жүзеге асырылады (қоса беріледі).

Мәселелерді сырттай дауыс беруге шығару туралы _____ жылғы № _____ хабарлама _____ жылғы Байқау кеңесінің мүшелеріне табыс етілді.

Сырттай дауыс беру Байқау кеңесінің мүшелеріне берілген бюллетеньдер бойынша өткізілді. Дауыс беру үшін бюллетеньдерді ұсынудың аяқталу күні « _____ » ЖШС (заңды мекенжайы көрсетіледі) мекенжайы бойынша ағымдағы жылдың _____ тағайындалған.

Ұсынылған бюллетеньдерге Байқау кеңесінің мүшелері қол қояды және олардан белгіленген мерзімде алынады (қоса беріледі).

Шешім қабылдауға арналған Кворум бар.

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПІ-ЮС-___-22
		Редакция	02

Байқау кеңесінің мүшелеріне отырыстың келесі күн тәртібі қарауға ұсынылды:

1. (күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).
2. (күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).
3. (күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).

....

Байқау кеңесінің сырттай отырысының күн тәртібі бойынша Байқау кеңесінің мүшелері дауыс берді:

Дауыс берген Байқау кеңесінің мүшелері :

Тегі, Есімі, Әкесінің есімі - «ҚАРСЫ ЕМЕСПІН» / «ҚАРСЫМЫН» / «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»

Тегі, Есімі, Әкесінің есімі - «ҚАРСЫ ЕМЕСПІН» / «ҚАРСЫМЫН» / «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»

Тегі, Есімі, Әкесінің есімі - «ҚАРСЫ ЕМЕСПІН» / «ҚАРСЫМЫН» / «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды («Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Серіктестік Жарғысының, ережелерінің тармақшалары/тармақтары/баптары көрсетіледі) қарап, олардың негізінде осы мәселе Серіктестіктің Байқау кеңесінің құзыретіне жатады, **Байқау кеңесі ШЕШТІ:**

(Серіктестіктің Байқау кеңесінің шешімі көрсетіледі).

Байқау кеңесі ДАУЫС БЕРДІ:

Тегі, Есімі, Әкесінің есімі - «ҚАРСЫ ЕМЕСПІН» / «ҚАРСЫМЫН» / «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»

Тегі, Есімі, Әкесінің есімі - «ҚАРСЫ ЕМЕСПІН» / «ҚАРСЫМЫН» / «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»

Тегі, Есімі, Әкесінің есімі - «ҚАРСЫ ЕМЕСПІН» / «ҚАРСЫМЫН» / «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»

Егер Байқау кеңесінің мүшесі «ҚАРСЫМЫН» / «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» деп дауыс берген жағдайда Байқау кеңесінің мүшесінің «ҚАРСЫМЫН» / «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» деп дауыс беруінің немесе жеке ескертулері/ерекше пікірі болуының себептерін көрсету қажет.

Байқау кеңесінің отырысы _____ сағат _____ минутта жабылады.

Байқау кеңесінің төрағасы

(есімі, тегі)

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПІ-ЮС-___-22
		Редакция	02

Байқау кеңесінің мүшесі *(есімі, тегі)*

Байқау кеңесінің мүшесі *(есімі, тегі)*

Байқау кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор *(есімі, тегі)*

Байқау кеңесінің хатшысы *(есімі, тегі)*

	«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

№5 қосымша

(Ф5-ПЛ-ЮС-___-22)

Нысан

« _____ » ЖШС
Байқау кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру
БЮЛЛЕТЕНІ

Серіктестіктің орналасқан жері:

Байқау кеңесінің мүшесі туралы мәліметтер: *(Тегі, Есімі, Әкесінің есімі)*

Бюллетеньді	Байқау	кеңесінің	мүшесіне	жіберу	күні
Байқау	кеңесі	қол	қойған	бюллетеньнің	ұсынылған
					күні

Бюллетеньдер жіберілетін мекенжай:

Күн тәртібі:

Күн тәртібі бойынша (шешімді тұжырымдау)

ҚАРСЫ ЕМЕСПІН ҚАРСЫМЫН ҚАЛЫС
 ҚАЛДЫ (ерекше пікір)

№ 1 сұрақ
 (шешімді тұжырымдау)

ҚАРСЫ ЕМЕСПІН ҚАРСЫМЫН ҚАЛЫС
 ҚАЛДЫ (ерекше пікір)

№ 2 сұрақ
 (шешімді тұжырымдау)

ҚАРСЫ ЕМЕСПІН ҚАРСЫМЫН ҚАЛЫС
 ҚАЛДЫ (ерекше пікір)

Байқау кеңесінің мүшесі _____

	<p align="center">«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже</p>	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

Байқау кеңесінің хатшысы _____

Ескертпе:

Сырттай дауыс беру кезінде Байқау кеңесінің сырттай дауыс беруге қатысушы мүшесі дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуін ғана таңдаған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі. Осы талапты бұза отырып ресімделген бюллетеньдер жарамсыз деп танылады және олардағы мәселелер бойынша дауыстар есептелмейді.

Егер Байқау кеңесінің мүшесі Байқау кеңесі отырысының күн тәртібінің нақты мәселесі бойынша шешім қабылдауға қарсы дауыс берген не одан бас тартқан жағдайда, онда ол Байқау кеңесінің шешімі қабылданғаннан кейін күнтізбелік үш күн ішінде өзінің шешімінің негіздемесін ұсынады.

Байқау кеңесі отырысының күн тәртібінің нақты мәселесі бойынша қарсы дауыс берген не шешім қабылдаудан бас тартқан Байқау кеңесі мүшесінің жазбаша негіздемесі міндетті түрде Байқау кеңесінің тиісті отырысының хаттамасына қоса беріледі.

_____ Байқау кеңесі мүшесінің Т.А.Ә.

(қолтаңбасы)

	«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

№6 қосымша
(Ф6-ПЛ-ЮС-___-22)

Нысан

« ___ » _____ ЖЫЛҒЫ « ___ » ЖШС
Байқау кеңесінің отырысына
(лауазымы, тегі, есімі, әкесінің есімі)
ЖАЗБАША ХАБАРЛАМАСЫ (ПІКІРІ)

« _____ » ЖШС орналасқан жері: *(Серіктестіктің заңды мекенжайы көрсетіледі).*

Байқау кеңесінің отырысын өткізу орны: *(Серіктестіктің заңды мекенжайы көрсетіледі).*

_____ ЖЫЛҒЫ « ___ » _____ Байқау кеңесінің отырысына қатысу мүмкіндігінің болмауына байланысты Байқау кеңесі туралы ережеге сәйкес Байқау кеңесінің мүшесі *(Тегі, Есімі, Әкесінің есімі)* Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша _____ ЖЫЛҒЫ « ___ » _____ Бақылау кеңесі отырысының хаттамасына қоса тіркелетін жазбаша хабарлама (пікір) және дауыс беру қорытындыларын ұсынады.

Байқау кеңесі төрағасы *(тегі, есімі, әкесінің есімі)* _____ ЖЫЛҒЫ « ___ » _____ № _____ хабарламамен « ___ » _____ жоспарланған Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мынадай күн тәртібі мен материалдарын ұсынды:

Күн тәртібі:

(күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).

(күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).

(күн тәртібіндегі мәселе көрсетіледі).

...

Күн тәртібіндегі _____ мәселе «Мәселе атауы» бойынша күн тәртібіндегі мәселені және ұсынылған материалдарды қарастырып *(Серіктестік Жарғысының бабына сілтеме)* сәйкес Қадағалау кеңесінің мүшесі *(Тегі, Есімі, Әкесінің есімі)*
ДАУЫС БЕРДІ:

(шешім көрсетіледі).

Т. А. Ә.	Қарсы емеспін	Қарсымын	Қалыс қалды
<i>Байқау кеңесі мүшесінің тегі, есімі, әкесінің есімі көрсетіледі</i>			

	«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

Осы жазбаша хабарлама (пікір) бойынша, егер Байқау кеңесінің дауыс беруші мүшесі дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуін ғана белгілеген жағдайда дауыс ескеріледі.

	«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

№7 қосымша
(Ф7-ПЛ-ЮС-___-22)

Нысан

Бекіту белгісі

_____ жылғы «_____» ЖШС-ның Байқау кеңесінің
жұмыс жоспары

№	Сұрақтың атауы	Мәселені БК қарауына шығарудың негізі (Жарғы, Ереже*)	Жауапты орындаушы
Отырыстың № және отырысты өткізудің болжамды күні			
	Жарғының ___ б. ___ т. ___) т.т.	Қаржы бөлімі....

Отырыстың № және отырысты өткізудің болжамды күні			
Отырыстың № және отырысты өткізудің болжамды күні			

	«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

№9 қосымша
(Ф9-ПЛ-ЮС-___-22)

Нысан

« _____ » ЖШС Байқау кеңесінің мүшесін лауазымға енгізу
бағдарламасы

1-бөлім. Жалпы мәліметтер

Т.А.Ә.	
Директордың сайланған күні	

2-бөлім. Ақпарат алу

Лауазымға кіріспе барысында алған ақпаратыңызды белгілеңіз.

Директорға ұсынылатын құжаттардың тізбесі:

V - Алынды

X - Алынған жоқ

№	Атауы	Алу туралы белгі (V/X)
Байқау кеңесінің қызметі туралы		
1	Байқау кеңесі туралы ереже	
Нормативтік құқықтық актілер, ішкі нормативтік құжаттар және басқа да ақпарат		
2	Жарғы	
3	Іскерлік этика кодексі	
4	Инвестициялық жобаны іске асыруға қатысты құжаттар	
5	Өткен жылғы Байқау кеңесінің хаттамалары	
6	Басқарушы құрамның тізімі	
7	Телефон анықтамалығы	
8	
9	
Директордың сұрау салуы бойынша құжаттар, ақпарат		
1	

	«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесі туралы ереже	БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	
		Сәйкестендіру нөмірі:	ПЛ-ЮС-____-22
		Редакция	02

№	Атауы	Алу туралы белгі (V/X)
2	
3	
Директордың қолтаңбасы _____		

3-бөлім. Кездесулер

№	Лауазымы, Т. А. Ә.	Өткізілген кездесу туралы белгі (V/X)
1.		
2.		
3.		
Директордың қолтаңбасы _____		

4-бөлім. Сауалнама

Лауазымға кірісу мәселелерінде хатшының жұмыс сапасын бағалаңыз.

№	Өлшемшарт	Бағалау (өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық, нашар)	Түсініктемелер
1	Тиімділік		
2	Берілген ақпараттың ТОЛЫҚТЫҒЫ		

Директордың қолтаңбасы _____

Байқау кеңесінің төрағасы _____

Хатшы _____




Приложение №1 к Протоколу Правления АО
«НГК»Тау-Кен Самрук» №51-22 от 25
ноября 2022года.

«УТВЕРЖДЕНО»
решением Единственного участника
ТОО «Тау-Кен Алтын»
от «25»ноября 2022 года
(протокол №51/22)

**ПОЛОЖЕНИЕ
О НАБЛЮДАТЕЛЬНОМ СОВЕТЕ
ТОО «ТАУ-КЕН АЛТЫН»**

г. Астана, 2022 год

	Положение о наблюдательном совете ТОО «Тау-Кен Алтын»	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
		Идентификационный номер:	ПЛ-ЮС-___-22
		Редакция	02

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящее Положение о Наблюдательном совете ТОО «Тау-Кен Алтын» (далее – Положение и Товарищество соответственно) разработано в соответствии с законодательством Республики Казахстан, Уставом и иными внутренними документами Товарищества, определяет права, обязанности и ответственность членов Наблюдательного совета, устанавливает порядок деятельности Наблюдательного совета, созыва и проведения заседаний Наблюдательного совета, принятия и оформления его решений.

1.2. Наблюдательный совет является органом управления Товарищества, осуществляющим общее руководство его деятельностью.

1.3. Деятельность Наблюдательного совета основывается на принципах эффективности и ответственности, максимального соблюдения и реализации интересов Товарищества и АО «НГК «Тау-Кен Самрук» (далее – Единственный участник), а также защиты прав участников Товарищества, ответственности за деятельность Товарищества.

2. КОМПЕТЕНЦИЯ НАБЛЮДАТЕЛЬНОГО СОВЕТА

2.1. К компетенции Наблюдательного совета Товарищества относятся вопросы, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и Уставом Товарищества.

2.2. Наблюдательный совет не вправе принимать решения по вопросам, которые в соответствии с Уставом отнесены к компетенции Единственного участника, Директора Товарищества, а также принимать решения, противоречащие решениям Единственного участника.


2.3. Единственный участник вправе делегировать Наблюдательному совету отдельные полномочия, не относящиеся согласно законодательству Республики Казахстан к его исключительной компетенции.

3. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ЧЛЕНА НАБЛЮДАТЕЛЬНОГО СОВЕТА

3.1. Член Наблюдательного совета имеет право:

